

Науырзым ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 94 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46-бабына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" Науырзым ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 446 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 2 қарашада № 9-16-125 болып тіркелген, 2011 жылғы 18 қарашада № 23 "Науырзым тынысы" аудандық газетінде жарияланған);

2) "Интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Науырзым ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 4 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 7 ақпандағы № 9-16-133 болып тіркелген, 2012 жылғы 20 ақпанда № 5 "Науырзым тынысы" аудандық газетінде жарияланған);

3) "Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" Науырзым ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 10 қазандағы № 300 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 24 қазандағы № 3854 болып тіркелген, 2012 жылғы 22 қарашада № 5 "Науырзым тынысы" аудандық газетінде жарияланған).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Даиров